

№29 «Ай-Керім»бөбекжай бақшасының «Бәйтерек»ересек тобының ата-аналар жиналысының хаттамасы.

Хаттама №2

Қатысқаны:14

Қатыспағаны:11

Күн тәртібіндегі мәселелер:

- 1.Ата-аналармен келесі жарты жылдықтағы жоспармен таныстыру.
2. «Өз балам туралы мен не білемін»дөңгелек үстел.
3. «Ата-ана және бала»тақырыбында баяндама.
4. «Тазалық денсаулық кепілі»ата-аналарға арналған кеңес.
- 5.Өртүрлі мәселелер.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша ата-аналарға келесі жарты жылдықта атқарылатын іс-шаралармен таныстырып,бірлесе өткізуге ұсыныс айтылды.Аналар мерекесі мен Алғыс айту күнінде мерекелік іс шара ертеңгілік өткізіп балалардың көңілдерін көтеретінін айтып өтті.Наурыз мерекесін балабақша көлемінде кең көлемде атап өтетінін,топта тиматикалық сабақ ретінде өткізілетіні сөз болды.Ата-аналар өз ойларын айтып өтті.

Келесі жоспар бойынша «Өз балам туралы мен не білемін»дөңгелек үстел ұйымдастырылып,ата-аналармен түрлі ойындар,сауалнамалар жүргізілді.

Ата-аналар белмене қатысып,өз ойларын,шығармашылықтарында көрметті.

«Ата-ана және бала»тақырыбында тәрбиеші Г.К.Сабденова баяндама оқыды.Ата-аналардан пікірлерін сұрап,тақырыпты аша түсті.

Келесі мәселе бойынша ата-аналарға тазалық туралы кеңес беріліп,бала денсаулығына мұқият қарап,шынықтыру шараларымен дәрумендерге бай тамақ қолдануларын,фасфут сияқты зиянды тамақтарды балаларға бермеулеріне ұсыныс жасалды.

Топтағы әртүрлі мәселелер, төлемақы туралы, себепсіз келмей қалуы және ескертулері керек екендігі туралы әңгіме қозғалды.

Қаулы:


1. Ата-аналармен тәрбиешілер өздеріне қойылған талапты өз деңгейінде орындалсын.
2. Баяндама оқылды.
3. Бала тәрбиесі мен денсаулығына тәрбиеші мен ата-ана бірдей жауапкершілікпен қарасын.

Төрайымы:



Тажибаета А.К

Көмекшілері:



Ерсайынова Ж.Ш

Жарқынбекова Ж.С

Хатшы:



Тажиева Г.О

20.01.2023

Тақырыбы: «Өз балам туралы мен не білемін»

Мақсаты: Бала тәрбиесіндегі ата-ананың алатын орнының ерекше екендігін түсіндіре отырып, ата-аналарға өз баласының ерекшелігін білуге, оның жан дүниесін түсінуге, ата-ана бойына өздерін тәрбиеші ретінде қарауға жауапкершілігін арттыру.

Көрнекіліктер: суреттер, балалардың қолдан жасаған заттары, нақыл сөздер.

Барысы:

Құрметті ата-аналар! Бүгін тобымызда «Өз балам туралы не білемін» тақырыбында ата-аналармен өткізгелі отырған дөңгелек үстелімізге уақыт бөліп, бала тәрбиесіндегі өз жауапкершілігіңізді сезініп, келіп отырғандарыңызға көп рақмет! Сіздерден жұмысымыздың барысында мына заңдылықтарды орындауларыңызды сұраймыз.

-Бір-бірімізді тыңдаймыз

-Белсенділік танытамыз

-Уақытты үнемдейміз

-Өз ойларыңызды ортаға саламыз

«Ана-ана және бала» тақырыбында баяндама.

Топқа бөлу. «Үш түс-үш есік» тренинг

Үш столды сары, көк, қызыл түске бөліп қойылған, үстінде үш түсті қағаздар бар. Өр қатысушы өздері түстерді тандайды.

Тандаған түстеріне қарай сипаттама беріледі.

Эксперимент ойыны «Өз балаңызды таныңыз»

Мақсаты: Ата-ана қаншалықты өз баласын білетіндігі жөнінде ойландыру.

Балалардың сүйікті жылы, тағамы, ісі, достарының есімі аталады. Ата-ана менің балам деп танығаны қол көтереді.

«Жанұя» ойыны. Сұрақтарға тез, шапшаң жауап береді.

«Сиқырлы қарындаш» тренинг

Өр топтағы қатысушыларға ортақ бір қағаз беріледі. Қатысушылардың біреуі таза қағазға бала тәрбиесіне байланысты тақырыптағы суреттің бір бөлшегін

бастап салады. Келесі қатысушы осы суретті толықыра түседі. Осылайша барлығы кезекпен суретті аяқтап шығады.

Қорытындылау.

«Шын жүректен» тақырыбында ата-аналар тілектерін, ойларын, ұсыныстарын жазып, плакатқа жабыстырады.

ӨЗ

Баяндама: «Ата-ана және бала»

Ата-ана -отбасының негізгі діңгегі.Дәстүрлі қазақ отбасында ата-ананың қадірі ерекше әспеттелген.Ата-бабаларымыз бала тәрбиесіне ерекше назар аударып, «Баланы жетіге келгенше тыйма,жетіден он төртке келгенше құлыңша қина,он төрттен кейін құрдасындай сыйла»деп,баланың ой-өрісін даму кезеңін ерекше бағалаған.Осындайда тағы да дана Абай атамyzдың сөзі ойға оралады: «Адам ата-анадан туғанда есті болмайды:естіп,көріп,ұстап,татып ескірсе,дүниедегі жақсы,жаманды таниды-дағы,сондайдан білгені,көргені көп болған адам білімді болады»-деген.

Әрбір ата-ана өз перзентінің әдепті,саналы иманды да ибалы,Отанының сүйікті және кішіпейіл азаматы болып жетілуін қалайды.Ата-ана перзентінің жақсы азамат болып жетілуі үшін өз отбасында балаларын тәрбиелеудің нәзік жақтарының заңдылықтарын білуі шарт.Сыйластық,түсіністік,үлкен жауапкершілік сезімдері бар отбасы-бақытты отбасы.Бақытты отбасында ғана ата-ана және олардың өзара қатынасы мазмұнды,берілген тәрбие сенімді және негізді.

Бала тәрбиесінің алғашқы алтын қазығы-туған ұясы,өз отының басындағы тәрбиесі,тілі.Қазақтың: «Баланың бас ұстазы-ата-ана», «Балапан ұяда не көрсе,ұшқанда соны іледі»-дегендей,есі кіріп,тілі шыға бастасымен-ақ баланы байсалды,ұғымпаз,тілалғыш етіп баулығаны жөн.

Ата-ана тілегі баласының жақсы адам болуы,еңбексүйгіштігі,кішіпейіл,мейірімді болуы. «Ұл тірбиелей отырып,жер тәрбиелейміз,қыз тәрбиелей отырып,ұлтты тәрбиелейміз»

Отбасындағы тәрбие әрбір мүшенің өзін-өзі сақтау,ұрпақты жалғастыру,өзін-өзі сыйлау қажеттілігінен туындайды.Отбасында адамның жеке басының қасиеті қалыптасады.

Балаға білім,тәрбие беруде басты тұлға ұстаз болса,оны жалғастырып демеуші ата-ана.

